

## Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 706 қаулысы.

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 133-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының Ұлттық госпиталі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығы (келісу бойынша) кәсіпорынға қатысты тиісті саланың уәкілетті органы болып айқындалсын.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының Медициналық орталығы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорын жарғысын бекітуге енгізсін;

2) кәсіпорынды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындаитын өзге де шараларды қабылдасын.

5. "Орталық клиникалық аурухана" акционерлік қоғамы таратылсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "Орталық клиникалық аурухана" акционерлік қоғамының кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мұлкін кәсіпорын тенгеріміне берсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және үйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

"123-147. "Орталық клиникалық аурухана" АҚ" деген жол алып тасталсын;

2) "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік ұлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік ұлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының Медициналық орталығы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 309-1-жол алып тасталсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри*

*Ә. Смайлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК